

3

Халқы сүйген
қайсар қаламгер

4

Ауылдан –
республикалық
турниргеӘрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМВажен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№30 (21105) 26 ақпан, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ОТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН ОҒЛАН

Кеше Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты.

– Отандасымыз Михаил Шайдоров тамаша өнер көрсетті. Мәнерлеп сырғанаудан алтын медальға ие болып, көк Туымызды Олимп шыңына көтерді. Сондықтан Михаилға алғысымды білдіріп, құтты болсын дегім келеді. Ақордада жиналып отырған адамдарға, ең алдымен, Михаилдың әкесі мен жеңімпаздың бапкеріне ризашылығымды айтамын. Баршаның тағы да шын жүректен құттықтаймын! Сіздер қажырлы және табанды еңбектің арқасында Михаилды мықты спортшы, нағыз дарын иесі ретінде бүкіл әлемге паш еттіңіздер. Халқымыз Михаилды мақтан тұтады, ал жас буын одан үлгі алады. Олимпиада жеңімпазы болу – биік мақсат жолында кез келген қиындықты жеңу, яғни, ұзақ әрі күрделі жолға дайын болу деген сөз. Темірдей тәртіппен күн сайын тынымсыз жұмыс істеген адам ғана зор табысқа жетері анық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін теңдесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды. – Біріншіден, бұл – көптен күткен, яғни, 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жұлде. Екіншіден, бұл – мәнерлеп сырғанаудан ел қоржынына түскен алғашқы Олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде әйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Михаил Шайдоровтың Олимпиадада көрсеткен керемет өнері – сөзсіз, тарихи жетістік, нағыз триумф. Кортинна д'Ампецио мұз айдынында отандасымыздың жұлдызы жарқырады. Бұл – Олимпиада чемпионының өзін-өзі шыңдап, өз күшіне сенгенінің, мәнерлеп сырғанау сияқты аса қиын спорт түріне деген ерекше махаббатының жемісі, – деді Президент.

2-бет



ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖАНДАНА ТҮСПЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Power International Holding (PIH) компаниясының басшылары Мұрат Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятты қабылдады.

Әңгімелесу барысында энергетика және телекоммуникация салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективасы қарастырылды.

Президенттің айтуынша, газ өңдеу, тасымалдау және қуат өндіру салалары Қазақстан мен Қатар арасындағы инвестициялық ықпалдастықтың негізі саналады. Бұл бағыттағы ауқымды жобалар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне елеулі үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысына PIH компаниясының телекоммуникация нарығындағы қызметін кеңейту жоспары баяндалды. Холдинг мұны Mobile Telecom Service (Tele2) байланыс операторын сатып алу келісімшарты аясында іске асырмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев компания осы арқылы телекоммуникация инфрақұрылымын жаңғыртуға, қызметтің сапасы мен халыққа қолжетімділігін арттыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті мен PIH компаниясының басшылары өзара ықпалдастықты одан әрі жандандырып, перспективті инвестициялық жобаларды іске асыруға бейіл екенін растады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕГІН КӨЛЕМІ ӘЛІ ДЕ НАҚТЫЛАНАДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде көктемгі егіске дайындық мәселелері қаралды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады.

– Биыл Қызылорда облысында 185800 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Мемлекет басшысының сұрауына сәйкес, күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға азайтылды. Осылайша, соңғы төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға қысқарды.

Оның орнына егістің әртараптануы мақсатында сұды аз қажет ететін дақылдар егу көзделуде. Су ресурстарын тиімді пайдалану, шығынды азайту үшін үнемдеу технологиялары кеңінен енгізілуде. Өткен жылы тамшылатып, жанбырлатып суару әдісімен 8 100 гектар егін егілсе, биыл 16700 гектарға жеткізу межеленген. Оған қоса 60 мың гектар күріш алқаптары лазерлік тігестеуден өткізілді. Биыл бұл көрсеткіш 65 мың гектарға жеткізіледі.

2-бет

/// ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ӨҢІРДЕ ӨСІМ БАР

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім қалыптасты. Статистикалық деректерге сүйенсек, өңдеу өнеркәсібі 6,4%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,3%, негізгі капиталға салынған инвестициялар 10,6%, құрылыс жұмыстары көлемі 21,8%, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 8,4%, көлік қызметі 4,4% және бөлшек сауда 2,4%-ға артқан. Бұл туралы облыстық статистика департаментінің басшысы Қайрат Әбсұлтанов жергілікті БАҚ өкілдеріне айтты.

ӨНЕРКӘСІП: ӨҢДЕУ СЕКТОРЫ АЛҒА ШЫҚТЫ

Өнеркәсіп саласында, жалпы өндіріс құрылымында әртүрлі үрдістер байқалды. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 6,4%-ға өсті. Атап айтқанда, тамақ өнімдерін өндіру 3,4%, мұнай өңдеу өнімдері 5,2%, химия өнеркәсібі 2,7%, резенке және пластмасса бұйымдары 1,7%, бейметалл минералдық

өнімдер 4,3% және жиһаз өндірісі 43,6%-ға артқан. Сонымен бірге, тау-кен өндіру секторында төмендеу тіркелді. Нақты көлем индексі 97,3%-ды құрап, мұнай мен газ өндіру 10,5%-ға азайған. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс 6,2%-ға қысқарса, электр энергиясы, газ, бу және ыстық сумен жабдықтау 9,8%-ға кеміген. Ал сумен жабдықтау, қалдықтарды өңдеу және ластануды жою қызметтері 17,9%-ға өсті.

2-бет



ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЖҰМЫСТЫ ШИРАТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев полиция департаменті Жедел басқару орталықтарының және цифрлық технологиялар басқармасы Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.

Қызылорда қаласының Жедел басқару орталығы 2006 жылы құрылған. Кезең-кезеңімен 272 бейнебақылау камерасы орнатылып, жұмыс жасауда. Аудан орталықтарындағы Жедел басқару орталықтары келіп түсетін ақпараттарды қабылдау мен тіркеуді автоматтандыру үшін департаменттің 7 аудандық полиция бөлімдерінің кезекші бөлімдерінде 2024 жылы құрылды. Оған 2 млрд 240 млн теңге бөлініп, 539 бейнебақылау камерасы мен 49 стационарлы жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылып, іске қосылды.

Қызылорда қаласына қосымша 1400 бейнебақылау камерасын және 20 мекенжайға 80 зияткерлік қиылыс, 58 мекенжайға 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш кондырғы, жасанды интеллект функциясы бар бейнеаналитикалық жүйе орнатуға және орталықты қайта жаңғыртуға жергілікті бюджеттен 4,5 млрд теңге бөлініп, келісімшарт жасалды. Қазіргі таңда бейнебақылау камералары интеграцияланып, толық іске қосу үшін жұмыс жүргізілуде. Стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылар «ЕРАП» жүйесіне қосылып, жұмысын бастап кетті.

Қызылорда облысы бойынша «Көмек-112» және «Көмек-109» автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін Бас прокуратураның «Цифрлық қадағалау» бірінші ақпараттық-талдау жүйесімен интеграциялау толық аяқталды.

2021 жылғы қантардан бері 112-Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі 24/7 режимінде 101, 102, 103, 112 шұғыл қызметтердің қоңырауларын қабылдап келеді. «Көмек-112» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне 2021-2026 жылдар аралығында 1 263 173 қоңырау тіркелген.

2020 жылдан бері Қызылорда қаласында, ал 2023 жылдан бері облыс аумағында 109 бірінші нөмірі арқылы қоғамдық мәселелер бойынша өтініштер қабылданады. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге 856 549 қоңырау түскен.

Аймақ басшысы бірінші кезектегі басымдық тұрғындардың қауіпсіздігі екенін айтып, орталықтар жұмысын жетілдіруге қатысты тапсырмалар берді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

4-бет

АТАКӘСІПКЕ ҮНТАЛЫЛАР КӨП

Қазір еліміздегі мал шаруашылығын дамытуда ауқымды жобалар жоқ емес. Әсіресе, ауыл халқын атакәсіптен ажыратпауға мүдделі бағдарламалар бар. Тек мұның халық арасында насихатталуы, жалпы мемлекеттік қолдаудың ұтымды тұстарын түсіндіру жұмысы тоқтамаса дейміз.

Жалпы Сыр өңіріндегі төрт түлік саны артқан. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы берген мәліметте 370,5 мың ірі қара, 616,2 мың уақ мал, 274 мың жылқы және 63 мың түйе есепке енген. Мал басы бытырғы жылмен салыстырғанда, сиыр 2,1, жылқы 6,5, түйе 5,2 пайызға артып, қой мен ешкі саны 95,3 пайызды құрапты.

– Облыста мал шаруашылығы саласында бірқатар инвестициялық жоба іске асырылуда. Атап айтсақ, Жаңақорған ауданында «Қожамберді

батыр» ЖШС-ның қуаттылығы жылына 5 мың басқа арналған мал сою және ет экспорттау орталығы іске қосылды. Серіктестік Түркиямен мың тонна ет өнімдерін экспорттауға келісімшарт жасалды. Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде жеңілдетілген несиелендіру арқылы Қызылорда қаласында 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құру жобасы қаржыландырылды. Серіктестік 800 бас голштин тұқымды сиыр сатып алу үшін 1 млрд, 160 млн теңгеге «Айс» ЖШС-мен келісімшартқа

отырды. Жобаға қажетті құрал-жабдықтарын алу үшін Қостанай облысындағы «MOST Cent Kazakhstan» ЖШС келісімшартқа отырып, 70% қаражаты төленді. Қазір ферманың құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Ал осы жылы 2 тауарлы-сүт ферманың құрылысы жоспарланды. Оның бірі 400, екіншісі 450 басқа арналған, – дейді басқарманың мал шаруашылығын дамыту бөлімінің бас маманы Жандос Мұстажапов.

Бұдан бөлек, мал тұқымын асылдандыру жұмысы жоқ емес. Аймақта есеп бойынша 18 мыңнан астам асылтұқымды мүйізді ірі қара түлігі тіркелген. Ал қой 252,8 мың басқа жетсе, жылқы 3300, түйе 700 басты құрап отыр.

Валюта бағамы: \$ 496,85 kzt € 585,54 kzt ₸ 6,49 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ 0°

☁️ -2°

Жұма ☀️ -2°

☁️ -11°

ОТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН ОҒЛАН

Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегіне айрықша тоқталды.

– Станислав Александрович – мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі, тұңғыш бапкері ретінде Михаилдың мұз айдынындағы алғашқы қадамын жасауға көмектесіп, өмірдің ең қиын сәттерінде әрдайым ұлының жанында болған адам. Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының көк Туын әлемнің басты спорт аренасында биік желбіреткен осындай ұлды, отаншыл азаматты тәрбиелегеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Баспасөз бетіндегі сұхбатыңызды оқып шықтық. Михаилдан мейірімсізді аямай, талантты перзентіңіздің спорттағы ерекше миссиясына титтей де күман келтірмей, әкелік парызыңызды адал әрі лайықты атқардыңыз.

Биік шыңға апарар бұралаң жолдан бірге өттіңіздер. Енді сол табан ақы, маңдай тердің жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөленіп жатысыздар. Бүгінде халқымыз Сіздерді ардақ тұтады. Отаншылдықтың нағыз үлгісін көрсеткендеріңіз үшін еліміз Сіздерге ризашылығын білдіреді. Жұртшылықтың алғаусыз алғысы мен құрметіне мен де косыламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент чемпионының бапкері, әйгілі спортшы, 1994 жылғы Олимпиада жеңімпазы, Әлем чемпионы Алексей Урмановқа ыстық ықыласын білдірді.

– Мәнерлеп сырғанау спортындағы білікті маман ретінде ерен жетістіктеріңізді жалғайтын лайықты ізбасар дайындалыңыз. Сол үшін Сізге зор алғыс айтамын. Осынау тамаша табысқа салалық министрлік, федерация, сондай-ақ атақты боксшымыз, жақында есімі Дүниежүзілік бокс даңқы зальна жазылған Геннадий Головкин басқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті елеулі үлес қосты. Отандастарымыз спорттық бәсекенің қиындықтарын, әсіресе, еркін бағдарламадан кейінгі Михаилдың күрделі жағдайын тебіреніспен бақылап отырды. Бірақ ол тәуекелге барып, жер-жаһанның басты байрақты бәсекесіндегі жеңісті жұлпы алды. Бұл да кездейсоқ емес. Өзіне берілген жалғыз мүмкіндікті екінің бірі сәтті пайдалана алмайды. Әдетте жарысқа түскенде «бақ шаба ма, бап шаба ма» деп жатады. Бірақ «енбек – бәрін де жеңбек» деген ұлағатты да ұмытпайық. Михаилдың жеңісі мыңдаған жастарымызды спортпен шұғылдануға жігерлендірді. Енбек етсең, ерік-жігерің мұқалмай, бағыл әрекет қылсаң, кез келген, тіпті қол жетпейтін көрінетін арманың өзі орындалатынына сенімін күшейтті. Бүгінде еліміздегі мыңдаған ұл-қыз Михаил Шайдоровқа қызғана қарап, еліктейді, даңқты спортшы болғысы келеді. Демек еліміздің ұлдары әлемдік спорттың биігінде жарқырай көрінетін күн алда. Барша Олимпиада чемпиондарының аты әлем спортының жылынамасына жазылады, олардың жетістіктері Лозаннадағы Халықаралық Олимпиада комитетінің музейінде тіркеледі. Енді түрлі елдің туристері Михаил Шайдоровтың 2026 жылғы Олимпиададағы тамаша жеңісі туралы білетін болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын айтты. Бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

– Олимпиададағы нәтиже арқапан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбеккер жан өзінің көбілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта қабілеттен биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік, бұл – үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де дінгеі. Ұлттың жасампаздық қуатын арттыру республикалық референдумға шығарылған жаңа халықтық Конституция жобасының негізгі мазмұндық өзгеі болып отыр. Ата Занды әділдік, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау, отаншылдық қағидаттары мемлекет іргесін бекемдеп, өркендеудің қозғаушы күшіне айналады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекеттердің дамуы да үлкен спортқа ұқсас: кім алдына биік мақсат қояды, табанды еңбек етеді, бірлесіп жұмыс істейді, сол жетістікке жетеді.

– Бүгін біз жеңіске жетуге бар күш-жігерің жұмсап, жеке рекордтарын жаңартқан Михаил мен ұлттық құрама мүшелерін құттықтаймыз. Кейбір спортшыларымыз осындай ауқымдағы жарысқа алғаш рет қатысса да, олар лайықты өнер көрсетті. Көптеген спортшымыз өздері сыңға түскен сайыста үздік ондыққа енді. Бұл болашақтағы табыстарға жол ашады. Азаматтарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері, мейлі, ол спортта немесе оқушылар мен студенттер олимпиадасында, өнерде, тіпті басқа салаларда болсын, еліміздің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Таяуда Милан мен Кортинада Қысқы Паралимпиада ойындары басталды. Спортшыларымызға сәттілік тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды.

– Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар бірлесіп жұмыс атқарып, құрама мүшелерін жан-жақты қолдауға тиіс. 2029 жылы Алматы қаласында өтетін Қысқы Азия ойындарына ерекше назар аударуы қажет. Ойындар ең жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек. Бұл – Қазақстандағы спорттың дамуына тиім серпін беріп, экономика мен туризм салаларына оң ықпал ететін өте маңызды іс-шара, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровтың II дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кәсіпші Алексей Урмановтың II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық қонысмен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.

Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Бұл кездесуге Олимпиада чемпионы ретінде қатысу – мен үшін зор мәртебе. Алтын медаль – менің ғана емес, ата-анамның, бапкерлерімнің және мен үшін алаңдап, қолдау көрсеткен барша қазақстандықтың жеңісі. Бұл аянбай тер төгіп жұмыс істесең, жақын жандардың махаббаты мен сенімі барша армандардың орындалатынын көрсетеді. Президент мырза, Сіздің қолдауыңыздың арқасында спортшылар үлкен жетістіктерге, жана тарихи рекордтарға қол жеткізіп жүр. Мен Олимпиада алтынмен шектелмеймін. Алдымыда ұзақ жол бар. Еліміз сенімін ақтап, жас ұрпаққа үлгі болып, халқымыздың мерейін үстем еткім келеді. Рахмет Сізге! Сүйікті Отаным, Қазақстаныма қызмет етемін, – деді Михаил Шайдоров.

1-бет

ЕГІН КӨЛЕМІ ӘЛІ ДЕ НАҚТЫЛАНАДЫ



Бүгінде шаруашылықтар тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілді. Қажетті 65600 тонна тыңайтқыштың 18500 тоннасы сатып алынды. Егін егуге қатысатын 3975 ауыл шаруашылығы техникасының 90 пайызы жөндеуден өткізілді. Қалғаны 1 наурызға дейін толық дайын болады. Энергетика министрлігі көктемгі егіске 10 100 тонна дизель бөлді. Ол шаруаларға кестеге сәйкес таратылады.

Ерте егілетін дақылдар наурыз айының бірінші онкүндігінде себіледі, күріш егісі сәуір айының үшінші онкүндігінде басталады. Жоспарланған егіс көлемі Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы отырысынан кейін қайта нақтыланады, – деді аймақ басшысы.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте осы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Қазіргі таңда су ресурстарының тапшылығы жаһандық деңгейдегі ең өзекті мәселелердің бірі айналғаны белгілі. Мемлекет басшысы

1-бет

су ресурстарын тиімді пайдалану, үнемдеу технологияларын енгізу және су жүйелерін цифрландыру жұмыстарына ерекше мән береді.

– Су лимитіне сәйкес жоспарланған көлемнен артық бірде-бір гектар жерге егін егілмеуі тиіс. Бұл мәселені қатаң бақылауға алу қажет, себебі ол Үкіметтің ерекше назарында. Судың магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы егіс алқаптарына жеткізілуіне, ауыспалы егіс тәртібін сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырылсын, – деді Н.Нәлібаев.

Аймақ басшысы көктемгі мұз жүру кезінде су алу қаупі бар тұстардағы қауіпсіздік шараларын күшейтуді, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарының әкімдіктеріне облыстық төтенше жағдайлар департаментімен және «Қазушар» Қызылорда филиалымен бірлесіп, өзен арнасына тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыруды, мұздың өту барысын тұрақты бақылауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Мырзабек Сәкен Салхадияұлы	Басқарма басшысы	Апта сайын сәрсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Аббасова Фарида Әубәкірқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын жұма күні	11:00-ден 13:00-ге дейін
Бекжанова Жанар Ансатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын сейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Жаналиев Бауржан Құрманғалиұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын бейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекеңжай бойынша жүргізіледі:

Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1. Анықтамға телефоны: 40-11-91 (53-74)

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Өткен жылы мемлекеттік еңбек инспекторларының қарауына жеке және заңды тұлғалардан 2124 өтініш түсіп, жоспардан тыс 278 тексеру жүргізілді. Нәтижесімен 348 заңбузушылық анықталып, 235 нұсқама берілді. Жалпы 517 жұмыскердің бұзылған еңбек құқықтары қалпына келтірілді.

Қазіргі таңда еңбек дауларының алдын алу және оларды реттеу тетіктерінің бірі ретінде жұмыс шарт қабылдаудың ролі артып келеді. Былтыр жоспарға сәйкес 785 кәсіпорынның ұжымдық шарттары цифрландырылды.

Бүгінде жұмыс берушілер жұмыскерлердің еңбек шарттарының тіркелуі мен бірыңғай сақталуын қамтамасыз ететін «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» ақпараттық жүйесімен жұмыс істейді. Жыл басындағы көрсеткішке қарағанда, бірыңғай жүйеге 6838 кәсіпорында 132 325 жұмыскердің еңбек шарттары енгізілген.

Кәсіби тәуекелдерді бағалау жүйесі өндірісте жарақат алу және кәсіптік ауруды төмендетудің маңызды құралына айналғанын атап өтуге болады. Өткен жылы 2 кәсіпорында кәсіби тәуекелдерді бағалау жүргізілсе, осы жылдың қаңтар және ақпан айларында жоспарға сәйкес 4 мекемеге бағалау жүргізілді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жұмыс берушілермен

ынтымақтастықты кеңейту мақсатында «Нәлдік жаракаттану – Vision Zero» тұжырымдамасына қосылу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 37 кәсіпорын аталған тұжырымдамға қосылды.

Өткен жылы жоспарға сәйкес өңірдің 2192 кәсіпорны немесе 74,1% сақтандыру жүйесімен қамтылды. Қазіргі таңда облыс бойынша 2403 жұмыс беруші немесе бесенді кәсіпорындардың 83,6%-ы жұмыскерлерін жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру шарттарын жасақтады. Департамент алдағы уақытта да еңбек жұмысшыларының ахуалды тұрақтандыру және өндірістік жарақаттануды төмендету, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыратын болады.

Ақпанның 24-інде Премьер-министрдің орынбасары Аида Балаванқызы төрағалығымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жыл қорытындысына арналған және алдағы міндеттер мен басым бағыттар белгіленген кеңейтілген алқа мәжілісі өтті.

ӨҢІРДЕ ӨСІМ БАР

ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТА
СЕРПІН БАР

Былтыр қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар 10,6%-ға ұлғайған. Бұл – өңірдің инвестициялық тартымдылығының артқанын көрсетеді. Құрылыс саласында да жоғары қарқын байқалады. Кейінгі кезде шаһардың келбеті күн сайын көркейіп, әсем ғимараттар бой түзен келеді. Айталық құрылыс жұмыстарының көлемі 21,8%-ға өсіп, инфрақұрылымдық жобалар артқан.

Тұрғын және жеке үйлер саны да көбейген. Жыл қорытындысы бойынша

1-бет

3973 тұрғын ғимарат пайдалануға берілді. Оның ішінде 3906-сы жеке тұрғын үй, 66-сы көпқабатты үй және 1 жатақхана. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 939 мың шаршы метрден асып, 8,4%-ға көбейді. Бір ерекшелік – көпқабатты үйлер алаңы азайып, жеке тұрғын үйлердің көлемі өскен.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АРТТЫ

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 233,4 млрд теңгені құрап, 1,3%-ға артқан. Өткен жылы облыс бойынша 186,6 мың гектар егін егілді. Негізгі дақыл – күріш 80,9 мың гектарды қамтыды.

Мал шаруашылығында да оң динамика

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТАРИХИ ҚАДАМ

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия әзірлеген Қазақстан Республикасының жаңа Ата Занының жобасы – еліміздің саяси-құқықтық дамуы жолындағы аса маңызды әрі уақыт талабына сай қадам деп есептеймін. Бұл құжат ашық қоғамдық талқылаулардың, азаматтық қоғам мен сарапшылардың белсенді қатысуының нәтижесінде дайындалды. Мұның өзі реформаның шынайы халықтық сипатын айқын көрсетеді.

Жаңа Конституцияның басты өзегі – адам құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде бекітуі. Мемлекеттің адамға бағдарлануы, әділеттілік, заң мен тәртіп, сондай-ақ табиғатқа жауапкершілікпен қарау қағидаттарының конституциялық деңгейде бекітілуі қоғамның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды.

Бір палаталы Парламент – Құрылтай құру, пропорционалды сайлау жүйесін енгізу саяси партиялардың ролін күшейтіп, өкілді биліктің жауапкершілігін арттырады деп сенемін. Сонымен қатар, Халық Кеңесінің құрылуы азаматтардың заң шығару процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, қоғам мен билік арасындағы диалогты жаңа деңгейге көтереді.

Цифрлық құқықтарды қорғау, зияткерлік меншікке көпелдік беру,

адвокатура институтын күшейту секілді нормалар Қазақстанның заманауи, құқықтық мемлекет ретінде дамуына бәрбір негіз болады. Бұл өзгерістер жасауды интеллект пен цифрландыру дәуірінде азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға бағытталған.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция жобасы Қазақстанның болашағына адами капиталмен, біліммен, ғылыммен және инновациямен байланыстыратын стратегиялық құжат болып табылады. Ендігі түпкілікті шешімді халықтың жалпыұлттық референдумда қабылдауы – демократиялық дамуының айқын көрінісі.

Қайрат ЕРНАЗАРОВ,
ҚХП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы



Алқа мәжілісінде ведомство басшысы Асқар Ертаев халықтың әлеуметтік қорғалуына назар аударып, жұмыс орындарын ашу, еңбек ұтқырлығын арттыру, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жүйесін нығайту, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру министрліктің стратегиялық бағыты ретінде айқындалғанын атап өтіп, бірқатар нақты тапсырма жүктелді.

Атап өту керек, былл Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті аумақтық

департаменттердің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Жұмыс жоспарында негізінен өндіріс орындарында жұмыс істейтін азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек қатынастарын цифрландыру, Бірыңғай цифрлық платформаны қалыптастыру бойынша әлеуметтік сала мекемелерінің (денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, әлеуметтік қорғау мекемелері) штаттық кестелеріне сәйкес деректерді толық енгізуді аяқтау жұмыстары бар.

Сонымен қатар еңбек тәуекелдері картасындағы болжамды тәуекелі бар кәсіпорындармен жұмыс жүргізу, «Парыз» жұмыс берушілер конференциясымен, салалық кәсіподақтармен және «Атамекен» өңірлік кәсіпорнлар палатасымен ынтымақтастықты арттыру міндеті тұр.

Жалпы былл министрлік және комитет жүзеге асырған бағыттар мен жоспарлы міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету негізгі жұмысымыздың бірі болмақ.

Б.ЖУМАҒҰЛОВ,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы

байқалады. Оның ішінде жылқы, түйе, ірі қара көбейген. Сауылған сүт – 54,9 мың тонна (3,0% өсім), жұмыртқа өндірісі 8,1 млн дана (7,1% өсім).

ТУУ КӨРСЕТКІШİNДЕ
АЛҒАШҚЫ ТӨРТТІККЕ ШЫҚТЫ

Облыс халқы 846 мың адамды құрады. Қала халқы 399 мыңнан асса, ауыл халқы – 446 мың адам. Кейінгі бес жылда халық саны 31 мыңға артқан.

Туу көрсеткіші тұрақты деңгейде. Өткен жылы 16 641 сәби дүниеге келген, 8511 ұл, 8130 қыз. Облыстар арасында мың тұрғынға шаққанда туу көрсеткіші бойынша республикада төртінші орынға шықтық.


Орташа есеппен күніне 40-45 сәби дүниеге келеді екен.

Өткен жылы облысқа 13 431 адам көшіп келсе, 25 344 адам өңірден кеткен. Келушілер саны 13%-ға артқан.

Жалпы алғанда, статистикалық деректер облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында тұрақты өсім бар екенін дәлелдейді. Әсіресе өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, инвестиция және ауыл шаруашылығы салаларында оң нәтижелер байқалады. Сонымен қатар, инфляция, көші-қон және тау-кен секторындағы төмендеу секілді факторлар алдағы уақытта ерекше назар аударуды қажет етеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет



Көзінің тірісінде «Бір жұлдыз болып жанам мен, бір жұлдыз болып қалам мен» деп жырлаған арынды ақын, дарынды жазушы, «Қазақтың Островскийі» атанған жерлесіміз Зейнолла Шүкіров ел-жұрттың жүрегінен берік орын алған қарымды қаламгер.

ХАЛҚЫ СҮЙГЕН ҚАЙСАР ҚАЛАМГЕР



Бар болғаны елу екі жыл ғұмыр кешкен ақынның соншама өмірінің қырық екі жылы аурумен арпалысумен өткен еді. Төртінші сыныпта оқып жүргенде жазатайым майып болып қалған болашақ ақын тағдырға мойнамады. Беріспеді. Қажымады. Күресті. Ақыры тәніне жабысқан ауыр дертті күрескер ақын жеңіп шықты. Өзінің ауыр жағдайында ұзақ уақыт төсекте жатып орыстың күрескер жазушысы Николай Островскийдің тағдырын бастан кешті. Аудан орталығынан «Құрыш қалай шынықты» кітабын алдырып оқыған бала Зейнолланың бойына жігер, ойына ой қосты бұл кітап. Қиялы қияға қырандай самғады. Сонан да шығар жас талап ақынның «Кітап жайлы жыр» атты алғашқы өлеңдерінің бірінде:

Қай кезде бұл өмірдің ұғып мәнін,
Қай кезде кітап оқып,
...сыр ұққаным.
Мың алғыс саған кітап,
...қарғам болып,
Алдымда жарқыратқан
...үміт таңын.
...Өмірдің сонан алғаш ұғып мәнін,
Білдім мен «Құрыш қалай
...шыныққанын».

...Толқимын қараймын да
...бұл кітапқа,
Кеудемде сезіп қайта үміт таңын.
Ақын өміріне, оның шұрайлы шығармашылығына байланысты деректерден білгеніміз, З.Шүкіровтің «Сайлансың» атты тұңғыш өлеңі 1946 жылы он тоғыз жасында Арал ауданында «Социалистік Арал» (қазіргі «Толқын») басылымында жарық көреді. Араға тоғыз жыл салып, яғни 1955 жылы «Менің достарым» атты тұңғыш жинағы баспадан шығады.

Міне, осы жинақтан бастап аудан орталығынан жүздеген шақырым алыстағы Бөген елді мекенінде аурумен алысып жатқан жас ақынның әдебиетке деген әуестігі оны оған сайын ынтықтыра түседі. Бұған себеп болған сол кездегі Қазақ ССР-нің мәдениет министрі, мемлекет қайраткері Илияс Омаров сияқты қамқор жанның жоғарыдағы алақандай жыр жинағы туралы жылы лебізге толы пікірі болатын.

Сол тұстары Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстарының бөлімшесінің төрағасы, «Қыргы тілді» сатирик ақын атанған Асқар Токмағамбетовке жаңағы Илияс Омаров тәрізді жоғары лауазым иесі аралдық жас ақынның тұңғыш жинағын қызығушылықпен оқып шыққанын жазады. Жинақ авторының тұрмыстық, денсаулық жағдайларына да алаңдаушылық білдіреді. Тіпті «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылдарғы кезекті санында Зейнолла ақынның:

Шалқар теңіз шұылдайсың,
...неге алмайсың сен тыным,
Көкке атылып, асыр салып
...ойнайды ерке толқының.
Бүрк-сарк етіп құлап түсіп,
...қайта ұрды өршіге...

Онан сенің қайтпас қайсар қайратыңды көрем мен,
Асқақ үнді жыр іздезем кезде саған келем мен, — деп басталатын жыр-ын мысалға келтіреді. Сүйіспеншілік білдіреді.

Ақынның мұнан соң арада алты жыл өткенде прозалық «Тоғысқан тағдырлар» атты Арал теңізі балықшылар өмірін арқау еткен повесі жарық көреді. Кейінгі табылған деректерде бұл шығармаға «Жұлдыз» журналының сол кездегі редакторы, кейін әлемге әйгілі қаламгер атанған Әбдіжәміл Нүрпейісовтің өзі қамқорлық жасап, баспадан тезірек жарық көруіне мұрындық болғаны айтылады.

Осы тұста Бөген ауылынан Арал қаласына қоныс аударған Зейнолла ақынның 1962 жылы «Арал дәптері» атты кезекті жыр жинағы жарық көрген еді. Жинақта көптеген лирикалық өлеңдерімен қатар теңіз туралы жырлары «мен мұндалайды». Осы тақырыптағы қай өлеңін алаңдап көркемдігі керемет, айтар ойы айшықты, мазмұны айқын екенін көресін. Мысалы «Ақшабақ» үш-төрт шумақ жыры теңізде туғандарға ғана емес, бұлайғы жұрт үшін де таңдай қақтырар тамаша туынды болатын. Иә, теңіздің теренінде асыр салған, көздері сұлу қыздың көздеріндегі мөлдіреген осы бір су маржаны ақын қиялымен төмендегіше өрнектеледі:

Ауымның жібек торына,
Тап болды қайдан ақ шабақ?
Тықты ма қуып сорына,
Тап беріп жайын ашқарақ?
Бұлқысың тұрмай балдырған,

Бұл торға қалай болдың кез?
Көк жаһұт мойын, мөлдір көз,
Жауғандап маған мөлдір көз,
Қаққан сол күміс қанатты.
Кетіпін толқып сол бір кез,
Босаттым тордан шабақты.
...Қайығым толы тыраңға,
Осы бір тұстан күнде өтем,
Жем болмай жұртқыш бір аңға,
Ақ шабақ аман жүр ме екен?
Бар болғаны осы. Төрт шумақ осынау жырдың мазмұнына тереңірек үнілсек, бажайлап көз жүгіртсек біраз жайға қаныққандай боламыз.

Өлгі «Арал дәптері» атты жыр жинағында ақынның махаббат туралы лирикалық жырлары да молынан орын алғанын көруге болады. Бұған мысалды әуелі «Сағыныш» атты жыр-ын алсақ, ол бұлайша өрлігінен көресін:

Терезеннен телміріп Ай қараса,
Күміс сәуле бетіңді аймаласа.
Ол сағынған мен деп біл,
Уақыт өтті,
Уақыт өтті мінекей айдан аса.
Сыбыр қағып мезгілсіз
...жасыл терек,
...ашып кенет.

Түнде ұйқыңды жіберсе
...ашып кенет.
Ол да менің мазасыз жаным
...шығар,

Бір көруге өзінді асық жүрек.
Егер саған түн сырлы күй
...тындатса,
Мазаласа жүрегің, ұйқын қашса,
Мен де қазір төсекте дөңбекшімін,
Ойла мені қалқатпай, ұйқыңды
...аш тас...

Адам баласы үшін кіндік кескен атажұрт, туған Отаннан артық ештеңе жоқ қой. Мейлі, ол төбесі көк тіреген зәулім Нью-Йорк, Токио, Мекке, Медине болсын. Бәрібір балалық бал күндерінің ізі қалған, алғашқы махаббатыңның айдай ажары есіңнен өшпейтін, кеңбайтақ Қазақ елінің табиғатынан ыстығы өткен топырағы бәрінен ыстық болады. Сол сезім ақын төмендегіше толғап оқырман қауымға ұсынған еді кезінде:

Отаным, тында!
Алдыңда тұрған туған балаң,
Ары бар таза кір қонбаған,
Жаны бар жарқын жырға арнаған,
Қиыннан қашып ұрланбаған,
Жат жұртты жаулап құлданбаған.
...Өйткені сенсің туған аман
Ұсындың сусын нұрдан маған.
...Отаным, саған қорған болам.
...Мен сенің Отан, туған балаң.

Жалпы, ақын шығармашылығында мұндай патриоттық, елжандылық жырлар молынан ұшырасады.

Қайсар ақын ауыр дертпен алысып төсек тартып жатса да туған елге деген перзенттік махаббатын тағы да жалықпай жальдыны жырнына қосады:

Кеудемнен басып қозғалтпай
...науқас бір залым,
Кірпігім ғана қимылдап жатыр
...құр жаным...
Туған ел, сонда төсектен алдың
...көтеріп,

Туған ел, саған ырзамы!
Туған ел демекші, қайсар қаламгер өзі жарық дүниеге келген, есейіп ержеткен Арал ауданындағы бұрынғы Қаратүп қолхозы (қазір қартадан атты да, зағы да өшкен Ескібөген елді мекені) жайлаған Солтүстік Арал теңізі қолтығында жатып-ақ туған жерін өршіл рухпен өзгеше тербеніс күйде жырлаған еді.

Кіндігім бірге Аралмен,
Тенізден тыныс алам мен.
Ақпейіл ана секілді,
Алдымда жатыр далам кен.
...Аспаның қандай Арал кең!
Күрсінің неге алам дем.
Бір нашар туған балам ба ем?
Қияда биік сол мұрат,
Өзіңнен алып зор қуат,
Бір жұлдыз болып жанам мен,
Бір жұлдыз болып қалам мен.

Қазақ поэзиясының көгінде өзі жырлағандай бір жарық жұлдыз болып қалған қаламгер қаламынан елу екі жылдық ғұмырында мұнан басқа «Алау», «Жүрекке әмір жүйрейді», «Ғажайып құмыра», «Жас жесір», «Сарша тамыз», «Отты өткелдер», «Сыр бойы» төрт томдық тарихи романы және басқа қырыққа жуық кітаптары облыс, республика кітапханаларының алтын қорында сақтаулы тұрған қымбат мұралар санатында.

Қайсар қаламгер өз шығармаларымен қатар орыс ақыны Федор Тютчевтың өлеңдер жинағын қазақша тәржімалады. Сондай-ақ тағы бір орыс ақыны Николай Рубцовтың теңіз туралы жырларын жеріне жеткізе қазақ тіліне сайратты. «Апама жездем сай» атты комедиялық драмасы облыстық театр сахнасында бірнеше

мәрте көрермендер көзайымына айналды. Зекеннің әр жылдары жазған ән мәтіндері күні бүгінге дейін әуезді әуендер қатарында. Сонау 1965 жылы Шәмші Қалдаяқовпен бірге жазған әйгілі «Сыр сұлуы» әні Сыр бойының гимні іспеттес болса, Өтеген Спановтың әуеніне жазылған «Арал жасарының вальсі», «Неге жаным, шығарып сала алмадың» әндерінің мәтіні де мазмұнды, мағыналы түрде тыңдарман талғамына лайықты дүниелер.

Ол нағыз достыққа лайықты қаламгер болатын. Ақиық ақын, мұзбалақ Мұқағали Зекенді Қызылорда қаласындағы Антон Чехов көшесі, №29 үй, 1-ші пәтеріне іздеп келуі, екеуі бір-біріне өлең арнауы нағыз достықтан туған қарым-қатынас еді.

Зейнолла ақын туралы реті келген жерде әңгіме тиегі қозғалса, ізбасар иелері Қазақстанның Күрметті жазушысы Моллақажы Қаназ, белгілі ақын Махмұтбай Әмірееттер ол жайлы аңызға бергісіз әңгімелер айтудан еш жалықпайтыны аян.

Халқы «Құрыш қазақ», «Қазақтың Островскийі» деп қадір тұтқан қайсар қаламгердің кеуде мүсіндері, ақын атындағы көшелер, шығармашылық бірлестік бар Қызылорда, Арал қалаларында.

Ол өзінің әдебиетке қалам басу сапарында қамқор болған, ақыл-көңесін айтқан Асқар Токмағамбетовты, Әбдікерім Оналбаевты, Әбу Сәрсенбаевты, Мұзафар Әлімбаев, «Жазушы» баспасының сол жылдарғы директоры Әбілмәжін Жұмабаевты алғыспен еске алып отыратын. Ақын Мұзафар Әлімбаев Қызылорда қаласында аурудың азабын тартса да өмірге күш-тар, тағдырға қарсы тұрған қайсар іні әріптесін қолдап, әрдайым ізгі ниетін білдіріп жүрген тұлға болатын. Ол Зейнолла тағдыры туралы «Құрыш қазақ» поэмасын жазса, жазушы Бек Тоғысбаев «Жаңбырлы күз» атты алғашқы кітабына қызылордалық қыран ақынның қилы кездері жайлы жазған көлемді көркем очеркін енгізді. Ал Кенес Одағының батыры, «Халық қаһарманы», қазақтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлының Зейнолла Шүкіровті қорғаған, қолдаған сәттері туралы жазушы Мамытбек Қалдыбаев кезінде баспасөз беттерінде төмендегіше қалам тербеген еді.

«Бірде Бауқенмен бірге алматылық белгілі жазушының үйінде қонақта болғаным бар. Мені батыр өзі туралы азы-көпті қалам тербеп жүргендіктен жанына ертіп алған. Дастарқан үстіндегі әдебиет туралы, қаламгерлер жайлы әңгіменің бір сәтінде бірі Қызылорда тұратын қайсар ақын Зейнолла Шүкіров туралы айта бастап еді, оның сөзіне екінші қонақ жазушы қарсы шығып: «Ой, Зейнолланың бар білімі төрт сыныптық сауатсыз» дегені сол, Бауқеннің бұрыл тартқан мұрты тікірейіп, қас-қабағы қара бұлтай түйіліп, әлгіге бүркіттей шүйлігіп: «Зейнолла жақсы ақын. Жан-жақты қаламгер, оның жанында сен сауатсыз адамсың» деп дүрсе қоя берген көрінді.

Міне, осындай талантты ақын, дарынды жазушы З.Шүкіровтің туғанына алдағы 2027 жылы 100 жыл болмақ. Осыған орай мен Қызылорда облыстық мәдениет және архив, құжаттама басқармасы басшыларының назарына мына төмендегі ұсыныс-пікірді ұсынамын:

Біріншіден, кезінде Қызылорда қаласындағы қазіргі Қонаев көшесі №11 үй ғимаратына қоныс тепкен З.Шүкіров атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ақын атымен бірге тоқсанжылы жылдардағы онтайландыру тұсында ізім-ғайып жоғалып кеткен. Соны қалалық әкімдік, жоғарыдағы салалық басшылық болып қалпына қайта келтірсе деймін. Сөйтіп З.Шүкіров есімі берілсе екен қайта. Себебі, біздің облыстан басқа барша облыстар орталықтарында балалар мен жасөспірімдер кітапханалары бар. Қажет болса мұндай кітапханалар аудан орталықтарында да бар екені мәлім. Ендеше бұл Зейнолла Шүкіров сияқты жерлес талант несіне деген ел-жұрттың тарапынан жасалған лайықты құрмет болған болар еді.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты,
Арал ауданының Күрметті азаматы

БЕЙНЕСІ БИДЕЙ, БОЛМЫСЫ БИІК

Жасы кіші іні үшін аға дәрежесі қай кезде де биік. Алайда өмірде өзіне жақын тартатын ағалар болады, оларды көргенде бойыңды жинап, сөзінді түзеп, оны құрметтеуді қалайсың. Оған ұқсағайн келеді, адами қасиеттері еріксіз еліктіріп тұрады.



«Жанында жарты сағат болғаның бір ғұмырлық өнеге» дейтін дәріптің кімге тиесілі екенін аңдайсың. Баймағанбетов Тұрмат аға тура осындай жаннан зият, ерекше бітім еді. «Сыпайының шаруасы сыбырмен бітеді» дегендей, әркімге жетісе бермейтін әр нәрсені байыбына барып, ақыла салу бұл кісіге тән. Қазақтың жақсы көретін мінезіннің бірі осы, «жеті өлшеп бір кес» дейтіні де сол. Дәл осы дегдар қасиет адам тағдырын шешетін құзыретке не сот қызметкеріне аса қажет-ақ.

...Сонау сексенінші жылдары Қармақшы аудандық сотына іс-тәжірибеден өтуге барған едім. Ол кезде оқуды бітірмеген баламын. Артқа қайыра тарап қойтын қайратты шашы қара мойылдай, жылы көңіл, ашаң жүзді ағаның сол сәттегі бейнесі әлі есте. Тұрмат аға сол кезде өндірістік тәжірибеден өтуге келген жас шагірттің болашақ мамандығына деген сенімін арттырып, өзінің іскерлігін, ірілігін, ізеттілігін көрсете білді.

Тағдыр жазуы, талқаннан бұйыруы деген осы шығар, көп жыл өткен соң Тұрмат ағамен тағы жолығыстым. Ол кісі Шиели аудандық сот төрағалығынан зейнетке шығып жатты, жоғарғы басшылық мені сол орынға тағайындаған болатын. Тұрмат аға мені қуана қарсы алды. Аға арқылы ауданның қаншама игі жақсыларымен дәмдес, пікірлес болдым. Менің ешкімді жаттырмай, жақын араласуыма сол кісінің сенімі тіпті. Сот ұжымында наурызға, басқа да халықтық мерекелерге орай өткізілетін шараларға ағаны шақыратынбыз, қай кезде де қасымыздан табылды, ол кісінің орны – төр.

Шиелидегі төрт жыл қызметімде ағадан бір елі ажыраған жоқпын десем де артық емес. Үйіне шақырып, дәм татқызыды, ақылын айтты, ағалық танытты. Ауданда екі сый-

лы адам болса, бірі – осы кісі еді. Ешкім алдын кесе өтпей, қолын алу үшін күтін тұрады. Бұл ағаның ағ үстінде жүргенде әділ де, қарапайым жан болғанын паш етеді. Өзінің Қармақшыда сот болып қызмет еткен кезеңін шын ықыласпен еске алып отыратын. «Қармақшының адамдары бір сөзді, уадеге берік келеді» деп ризашылық сезімін айтуды да ұмытпайтын. Жалпы, сот жұмысы жақсымен де, жаманмен де араласуға тура келетін сала. Небір құлағым естімесін дейтін оқиғалар есігінің алдында жүреді. Соған қарамастан ағаның біреуді ғайыптап, жамандағанын естіген емеспін. Бұл да ол кісінің жан дүниесі тазалығы, кеңқолтық, акеден болмысынан деп білемін.

Өңіміненің ә дегенінде «ұқсағайн келеді» дегенім де осы тұстан шығады. Жүрген жерінде жақсы сөз қалдыру қандай ғанибет. «Адам боп туу – Алладан, адам боп қалу – қалладан» дейді екен өзбектер. Мен білетін Тұрмат аға жайында тек жақсы сөздер айтылады, бұрын да, қазір де солай.

Ауданда қызметте жүрген кезде сот ғимаратында Мұстафа Шоқай атындағы мұражай аштық. Сол мұражайдың бір бұрышы Тұрмат ағаның өмірі мен қызметіне қатысты жолдгерлермен жабдықтық. Өйткені, сөз жоқ, ағаның адал ісі, адами тұлғасы кейінгі жас мамандарға өрнекті өнеге. Аға кезінде (2019 жылы) аудандық билер кеңесінің төрағасы болды. Егер бағыт заман болса, нағыз төбе би ме, сүбе би ме, бір бидің орнын басытын адам болар еді деп ойлаймын. Ағаның «Үш би» төсбелгісімен марапатталуы да тегін емес. Сондай болмысы болғандықтан.

Тұрмат ағадан бұрын да Қыршақбай Асауов, Баян Рәсімдендиев, Қазыбек Өтемірәтов, Өтеген Жарықбаев, Жұмабек Үсенов, Жарқын-

бек Ержанов секілді басшылар сот саласын жетілдіруге үлес қосып, ел-халықтың игілігі үшін жігерлі жұмыс жасай білді. Олар жөнінде де естіп-біліп жүргеніміз аз емес. Бұл кісілердің әрқайсысы бір-бір өлмес дастанға, ескерткіш тұрғызға лайық болды.

Қазір мемлекеттік қызметшіге халықтың наразылығы туындап жататын кездер көп. Сол себепті де олардың моральдық-адамгершілік бейнесі және іскерлік қасиеттеріне ерекше талаптар қойыла бастады. Бұрынғы кездері мұндай талаптар арнайы қозғала қоймайтын. Себебі, адами биіктік өлшемі болар бұл талаптар ағаларымыздың бойында туабітті болатын. Сондықтан да олардың аты әрдайым құрметпен аталады.

Біз әңгімелеп отырған Тұрмат аға кәсіби қызметі жағынан да, тұлғалық даралық тұрғысынан да кейінгі буының есінде сақталып қалуы тиіс. Ол ұрпақтың өзі үшін қажет. Осы талғам-таразысы бойынша айтсақ, бұл кітаптың жазылуы өте игілікті іс, өміршен бастама. Тұрмат Сәбекулы тірі болса, биыл сексен жасқа толар еді. Ағамыздың жарқын бейнесі ұрпақ санасына жарық беріп, жаны жұмақ төрінде болар деп тілеймін.

Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
сот және прокуратура саласының ардагері. «Жанару» сыйбалық жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РКБ-ның облыс бойынша филиал төрағасы



АТАКƏSIPKE ЫНТАЛЫЛАР КӨП

— Жалпы өңірде асыл тұқымды ірі қара өсіретін бірқатар шаруашылық бар. Атап айтсақ, Арал ауданында «Берекет», «Ықылас», «Жаңбыр» және «Жер Қазына» серіктестігі, Қызылорда қаласында «Аруан», «Ардақ» «Жәдігер» шаруа қожалықтарының мысалы етеміз. Сонымен қатар, асылтұқымды қой өсіретін Сырдария ауданында «Байзақ» жеке кәсіпкерлігі, Шиели ауданында «Асан», «Өшірбеков», Жанакорған ауданында «Бақытжан», «Көбелдес», «Интывмак», «Мырзабай» шаруа қожалықтары жұмыс істейді, — дейді бөлім басшысы.

Салаға қатысты тағы бір жаңалық бар. Ол — Үкімет қолдауымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның мал бордақылау алаңдарын жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы. Бағдарламадағы негізгі басымдық ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның қолдауына қарапайым кәсіп-бин, күнделікті жұмысын өзгелерге бағдарламамен ірі қара және уақ мал, жем-шөп, жанар-жағармай, мамандандырылған техниканың қосалқы бөлшектері мен бордақылау шаруашылықтарына арналған техникаларды сатып алуға беріледі. Негізгі берілген несие-нің кемінде 70 пайызы мал сатып алуға жұмсалыуы тиіс. Жалпы бұл бағдарламаның

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

КӨНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАР КӨМБЕСІ

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағының «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» жобасы аясында жаңа кітаптар жарық көрді. Отандық қаламгерлер ТМД елдерінің архивтерінде зерттеу жүргізіп, қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты тың деректерді жинақтап, 15 ғылыми-шығармашылық еңбек әзірледі.

Мақсат Тәж-Мұраттың «Бабалар атты барған жер: Армения сапары» еңбегі – автордың Арменияға жасаған зерттеу сапарынан туған ғылыми-танымдық жазба. Кітапта жазушы армян архивтері, Матенадаран, ұлттық кітапханалар мен ғылыми орталықтардағы қыпшақтарға қатысты деректерді зерделеп, көне қолжазбалардың жай-күйін қарастырады.

Журналист, зерттеуші Серікбол Хасан «Уфа. Галия. Қазият (әдеби-танымдық зерттеу)» деп аталатын жаңа кітабына Уфадағы «Галия» медресесі мен Уфа мұфтилігіндегі Қазақ қазияты (бөлімі) жайлы соны ізденісі топтастырылды.

Белгілі жазушы Елдос Токтарбайдың архив құжаттары негізінде деректі хәм хроникалық жанрда жазған «Арғы жағы Хазардың бергі жағы...» деген романына қазақтың тұңғыш басылымы саналатын «Қазақстан» газетінің тарихы арқау болған.


Жазушы Серік Сағынтайдың «Қайран менің Еділім...» атты кітабына Алаш арысы Әлімхан Ермековтің 1920 жылы Астрахан облысынан қазақ жерлерін қайтарып алудағы еңбегі, оған жетер жолы, қазақ жерінің тағдыр-таланы арқау болды.

Бауыржан Мырзақұлдың «Еділ, Жайық – екі су...» атты еңбегінде Астрахан өңіріндегі қазақтардың тарихы, мәдениеті, әдебиеті мен баспасөзіне қатысты тың деректер қамтылған.

Діңдар Мамырбаеваның «Жері жақынның – елі жақын» кітабында туысқан, бауырлас қазақ-өзбек халықтарының әдеби байланыстарының тарихи тамырлары сөз болады.

Алаштанушы ғалым Алтынбек Құмырзақұлының «Науан хазрет – күрескер тұлға» кітабында дін қайраткері, ағартушы, ұстаз Науан (Наурызбай) хазрет Таласұлының өмірі мен қызметі, атағегі мен отбасы ұрпақтары туралы сөз болады.

Қайырбек Кеменгердің «Қазақ-татар әдеби байланысы: тарихи ықпалдастық, қазіргі жағдай» атты ғылыми-танымдық еңбегінде қазақ-татар



әдеби байланысының тарихи кезеңдері мен қазіргі жағдайы зерттелген.

Өміртай Еділханұлының «Астрахан айшықтары» атты еңбегінде Астрахан өлкесінің бай тарихы мен рухани болмысы архивтік құжаттар мен тың деректер негізінде терең зерттелген.

Жазушы-драматург, әдебиеттанушы-ғалым, сыншы Әлібек Байболдың «Тифлистегі қаламгерлер тағдыры» атты еңбегінде Қазақстан мен Грузия арасындағы рухани, мәдени, әдеби, тарихи байланыс турасында сыр шертілген, қос елдің дамуына елеулі үлес қосқан

тұлғалары жайында жан-жақты баяндалған.

Жазушы-журналист Қанат Әбілқайырдың «Рудакидан бізге дейін...» атты жинағына бірнеше зерттеу мақалалары топтастырылған. Автор тәжіктердің кеңестік кезеңде жарық көрген көне басылымдарындағы қазақ әдебиетіне қатысты материалдары саралап, бүгінгі күннің көзқарасымен талдау жасайды.

Қарлығаш Әубәкірдің «Параллель: қазақ-беларусь әдебиетіндегі ояну дәуірі» атты еңбегі – қазақ-беларусь әдебиетінің идеялық-эстетикалық бірлігін, рухани үндестігін саралаған

әдеби-танымдық еңбек. Сондай-ақ алғаш рет қазақ тілінде оқырманды беларусь әдебиеті классиктерінің өмірі және шығармашылығымен таныстырады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, зерттеуші Қанат Алтынбектің «Біртұтас Алатау аспаны» атты еңбегі Түркістан кеңістігіндегі қазақ-қырғыз әдебиетінің рухани тамырларын кешенді түрде зерттейді. Қазақ-қырғыз әдебиеті арасындағы тарихи, рухани және идеялық байланыстар жүйелі түрде талданады.

Ахмер Біржанның «Қажы-Тархан мектептері» (Әліппеден әдебиетке дейін) – Қажы-Тархан (Астрахан, Ресей) өлкесіндегі қазақ ұлтының білім беру, мәдени-ағартушылық дәстүрлерін тарихи, әдеби және рухани сабақтастық тұрғысынан қарастыратын зерттеу кітабы.

Момбек Әбдікәдімұлының еңбегінде 1900-1930 жылдары Ташкент қаласында қазақ тілінде (араб, шағартай емлесімен) шыққан басылымдарда Түркістан аймағында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан қаламгерлердің маңызды деген жазбалары басылған.

Осы кітаптармен әдебиет-сүйер қауым Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада таныса алады.

«СБ» ақпарат

ИСЕСКО ТІЗІМІНЕ ҚАРМАҚШЫ ЖЫРАУЛАРЫ МЕН ОЮ-ӨРНЕК ЕНДІ

Мәдениет және ақпарат министрлігі жуырда Ташкент қаласында Ислам әлемі білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы – ИСЕСКО Мәдени мұра комитетінің XIII сессиясы өткенін хабарлады.

Жиында мүше мемлекеттерден түскен 100-ден астам өтінім қаралып, оның ішінде Қазақстан ұсынған екі номинация «Ою-өрнек» және «Қармақшы жыраулары» Ислам әлемі мұралары тізіміне енді.

Бұл қабылданған шешім – Қазақстан Республикасының ислам әлемінің материалдық емес мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау бағытындағы жүйелі жұмысының жоғары деңгейде мойындалуының айқын көрінісі. «Қармақшы жыраулары» ИСЕСКО тізіміне енуі осынау ұлттық өнеріміздің одан әрі қорғалуына, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелуіне және халықаралық деңгейде кеңінен ілгерілеуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық руханиятымыз бен дәстүрлі өнеріміздің мәртебесін арттыратын маңызды тарихи оқиға, – дейді белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова. Осы орайда ол «Қармақшы жыраулары» бойынша ұсыныс берген өнертану докторы Саида Еламановаға алғысын білдіре отырып, келешекте Көшеней

Рүстембеков атындағы жыраулар үйі әлемдік деңгейдегі мәдени орталықтардың біріне айналып, Қармақшы жыраулық өнерінің әрі қарай дамуына өз үлесін қосарына сенім артаатынын жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін ИСЕСКО Мәдени мұра комитетіне Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор атынан да ұсыныс жолданып, онда «Қармақшы жыраулары» ежелден жалғасып келе жатқан жыраулық дәстүрдің иелері, олардың репертуарындағы дастан, аңыз, рухани өсиеттер мен тарихи шежірелер мұсылман әлемінің рухани-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі ретінде халықаралық деңгейде мойындалуға лайық екені жазылған.

Аталған комитеттің XIII сессиясында арнайы баяндама жасаған өнертану докторы Саида Еламанова жоғарыда аталған ұсынысты қорғап шығып, «Ою-өрнек» және «Қармақшы жыраулары» Ислам әлемі мұралары тізіміне енді.

«СБ» ақпарат

ӨНЕР

ХАЛЫҚ ТЕАТРЫНА ЛАЙЫҚ ҰЖЫМ



Қазалыда ел атын танытқан талант көп екенін ескерсек, оның көбі – ауылдағы дарындар. Өн мен жыр, би мен күй өнерін дәріптеген аға буынның ізін басқан ұрпақ бүгінде мәдениет саласын дамытып келеді. Солардың бірі – Бекарыстан би ауылындағы Мәдениет үйі ұжымы.

Аудандағы ең үлкен ауылдың негізгі кәсібі – егін мен төрт түлктің айналасында. Сырдың басты дақылы – күріштен бөлек, мұнда бақшалықты жайқалтып отырған дикандар да бар. Уақ малды айтпағанда, ірі қара, жылқы санын көбейтуге ынталы ағайын да жетерлік. Міне, осындай тиынақты тіршілікке бет бұрған тұрғындардың бір уақ көңілін серпілтетін ауыл клубының мәдени қызметкерлері екені анық кой.

1974 жылы салынған еселі ғимарат ішінде жас пен көрте ұнамды, дәстүр мен тәрбиені ұштастырған, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді жанғыртып жүрген топ бар. Ауылдастарының көңілін серпілтіп, одан бөлек, көрші елді мекеңдерге өз өнерін жиі көрсететін ұжымның бір ерекшелігі – драмалық қойылымдарға ден қоюы.

Біздің Мәдениет үйінде 9 үйірме жұмыс істейді. Оған ауылдағы 100-ге жуық өнерлі ұл мен қыз тартылған. 2009 жылдар бері «Шабыт» драма үйірмесін ашып, оның мүшелері аудандық, облыстық, республикалық түрлі байқаулар мен мәдени шараларда жоғары деңгейде өнер көрсетуде. Драма үйірмесі театрландырылған қойылымдар мен әзіл-сықақ жанрын ұстануда. «Үйірме – өнер бастауы», «Өзіміз жарасқан», «Театр – өмір айнасы» атты айдармен сахналық көріністеріміз ауданнан бөлек, облыс деңгейінде қойылып жүр. Әрі бұған ауыл жастарын, мектеп оқушыларын

тұрақты қатыстырамыз, – дейді үйірме жетекшісі Шархан Тілеуназаров.

Қазір үйірме репертуарында Думан Рамазанның «Кенесары-Күнімжан», Орынбасар Әлжіктің «Егеменді еркек», «Сыйластыққа не жетсін!», Рүстем Жанайдың «Кетем», «Құлдан қайтқан қызы», «Нантабар», Ермахан Шайхұлының «Әйелі мен журналисттің әңгімесі», «Жедел жәрдем», Р.Отарбаевтың «Фариза мен Мұкағали» атты үш көріністі драмалық спектаклі, Ж.Мәкенәлінің «Асандар көтерілісінің құрбандары» атты драмасы бар. Сондай-ақ бүгінге дейін Шархан Тілеуназаровтың жетекшілігімен үйірменің 18 мүшесі халықаралық, республикалық, облыс пен аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр.

Осыған дейін «Туған өлкем» атты халықаралық өнер байқауында «Шабыт» драма үйірмесі Орынбасар Әлжіктің «Егеменді еркек» қойылымымен қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Мұндай жеңістер көп. Жалпы біздің ұжымда Қасым Бальмбетов, Жұмағұл Байталаева, Гүлбану Өтемуратова, Астанбек Серік сияқты ауыл өнерпаздарының артистік шеберлігі жоғары бағаланып жүр. Қанат Сырлыбай, Азамат Қожақов, Қызғалдақ Елемес сияқты жастар үйірме деңгейін одан әрі көтеріп келеді, – дейді ол.

Шархан Тілеуназаровтың өзі де көп

байқауларда «Ең үздік актер» номинациясын алып жүр. Мәдениет үйінде әдіскер болып жұмыс істейтін ол көбіне-көп ауылдағы жас буынды сахна өнеріне баулып, шығармашылыққа шыңдауды мақсат еткен.

Осыдан 3-4 жыл бұрын «Балалық шағымдағы ең жылы естелік» атты ескі кинолардан үзінді ойнау аудандық сайыс өтті. Біздің үйірмедегі Ерқожа Шамша, Ерасят Серік, Әлемі Көзімай сияқты шәкірттеріміз қатысқан болатын. Сол кезде режиссер Болат Шәріптің «Заман-ай» көркем фильмінің үзінді ойнады. Өзім күткеннен де жоғары өнер көрсеткен олар жүлде алып, арнайы қаржылай сыйлыққа да ұсынылды. Бізде әзіл сахна қойылымдарында жетістік мол. Мысалы, Арал ауданында өткен «Күлкі думан» әзіл-сықақ өнер ұжымының республикалық байқауында Рүстем Жанайдың «Кетем» атты қойылымын сахналап, II орын иеленді. Жанқорған ауданындағы сатира жарынының артісі Қазыбек Баширов атындағы «Сатира садағы» атты облыстық байқауында да III орыннан көрінді. Ал Қазақстан және КСРО халық артісі Сәбира Майқанованың туғанына 110 жыл толуына орай «Театр анасы – Сәбира» атты облыстық байқауынан бас жүлде алғанбыз, – дейді жетістіктерін саралаған Шархан.

Ал бытыр «Шабыт» үйірмесінің мүшелері Асқар Токпановтың 110 жылдығына орай ұйымдастырылған «Театр – өмір айнасы» атты байқауға қатысқан. Ауыл таланттары жүлдеден бұл жолы да құр қалмай, көп үйірме ұжымы арасынан II орын алды. Сонымен қатар, сатирик, халықаралық Алаш сыйлығының иегері Г.Қабышевтың 90 жылдығына арналған «Жұлде үшін жан пида» атты аудандық әзіл-сықақшылар байқауында «Ауыл» қойылымын сахналап, тағы жүлделі орыннан көрінді. Қ.Бальмбетов, Н.Талғат, Н.Жәдігерова, Б.Айымбергенов сынды өнерпаздар ойнаған сондағы қойылым аудан халқының ықыласына бөленген.

Иә, кәсіби маманы болмаса да, ауыл мәдениетін ардақтап жүрген, ең бастысы, өнерді сүйетін үйірме мүшелерінің негізгі мамандықтары әртүрлі. Бірақ бір жерге бас біріктіріп, елмен тығыз рухани байланыс орнатқан мұндай таланттыларға құрметпен қарау керек. «Халықтық театр» атағын алмаса да, табиғи талантымен топ жарып жүрген ұжымның биік белесі алда деп білеміз.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

БАСКЕТБОЛ

АУЫЛДАН – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРГЕ



Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе ауылындағы №41 мектептің 5-6 сыныбында оқитын қыздардан құралған баскетбол командасы облыстық «Ұлттық мектеп лигасынан» үздік шығып, енді республикалық деңгейде бақ сынауға мүмкіндік алды. Бұл – ауыл баласы үшін жоғары жетістік. Екі кезеңнен ірікпелі өткен жас өрендер өздерінің шеберлік деңгейінің жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

Шындағымен айтқанда, сырт алаң төрінде қалай әрекет ету сыртпен оның қыр-сырына үніліп, нәтижесінде олар ауылдың намыс-тістікке жету қиын. Сұлутөбелік баскетболшы қыздар төменгі сы-

ныпта оқыса да қазірдің өзінде алаң төрінде қалай әрекет ету сыртпен оның қыр-сырына үніліп, нәтижесінде олар ауылдың намыс-тістікке жету қиын. Сұлутөбелік баскетболшы қыздар төменгі сы-

жерлікті мектепте 2010 жылдан бері ұстаздық қызмет атқарады.

Әріптесім Сұңғат Асанов екеуіміз оқушылар арасында баскетболды дамытуға мән бердік. Олардың қызығушылығы ерекше. Соның арқасында аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстарда топ жарып жүр, – деді ол.

Команда сапында Айару Сансызбай, Анаят Сейсенбай, Арайлым Русланқызы, Айдана Қиянбекқызы, Аяулым Оразбай, Арай Нұрмағанбет, Айзере Балтабай, Аруна Кенжебек, Қауар Сүйінбаева, Нұрару Балтабай есімді қыздар жеңіс жолында белсенділері көрсетіп жүр.

Оқушылар аптасына үш мәрте дайындыққа келеді. Үздіксіз жаттығу жасаудың нәтижесінде биіктен көрінді. Шәкірттеріміз алдымен аудандық жарыста №127, 49, 45, 219 мектептерді артта қалдырып, финалда №270 мектептен басым түсті. Облыстық деңгейде топтық кезеңде Қазалы, Қармақшы аудандары мен Қызылорда қаласы командаларымен сайысқа түсті. Өз тобымызда бірінші орын алды. Жартылай финалда аралдық оқушыларды жеңіп, финалда бас жүлдені Қармақшы командасымен сарапқа салдық. Тартысты өткен бәсекеде біз жеңіс тұғырынан көріндік, – деді О.Орманбеков.

Енді республикалық турнир мамыр айында Талдықорған қаласында өтеді деп жоспарланып отыр. Сұлутөбелік жас қыздар командасы аймақ намысын абыроймен қорғайды деп сенеміз.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

«Сыр бойы» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз

Advertisement for 'Syr Boyy' news agency, featuring a computer monitor displaying the website and contact information: ЖАРНАМА БӨЛІМІ, 70-00-52, www.syrboy.kz, E-mail: smjarnama@mail.ru

Media company information: Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ. БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ.

Contact information: Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053). Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040).

Subscription information: Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015). Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Publication details: Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.